

"ҚАЗАҚСТАН ӘУЕ ЖОЛЫ" ҰЛТТЫҚ АКЦИОНЕРЛІК АВИАКОМПАНИЯСЫНЫҢ ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ ӨКІЛДІКТЕРІ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
28 сәуір 1994 ж. N 440. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27
шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасының шет елдермен байланысын одан әрі кеңейту
мақсатында және әуе қатынасы туралы үкіметаралық келісімдерге сәйкес
Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясына өзінің шет
елдердегі өкілдіктерін Қазақстан Республикасының Көлік министрлігінің және
Сыртқы істер министрлігінің келісімі бойынша ашу құқығы берілсін.

2. "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясы Қазақстан
Республикасының Көлік министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен
бірлесе отырып "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясының
шетелдердегі өкілдіктері туралы Ережені әзірлеп бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Ұлттық банкпен бірлесе
отырып "Қазақстан әуе жолы" Ұлттық акционерлік авиакомпаниясының
шетелдегі өкілдіктерінің ағымдағы және басқа шоттар ашуын және олар
бойынша шетел валютасымен операциялар жасау тәртібін белгілесін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі